

A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns, rendered in a light gray color, framing the central text.

Ұйқым келмейді

Оралхан Бөкей

A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns, rendered in a dark gray color, framing the central text area.

Ұйқым келмейді

Оралхан Бөкей

ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ

Оралхан Бөкей

(Өңгіме)

Көзімнің алды тұманданып кетті. Көзімнің алды тұманданып кеткен жоқ. Өн бойымнан жылан жорғалап өткендей болған соң, ес танды халде, таз-тақырланып жатқан далада өз-өзімнен қуыстанып, өз-өзімнен шошынғаным шығар. Таз-тақырланып, жоны шыт-шыт жосылып кеткен даланың, өрмекшінің торындай шимай-шатпақтанып жарылып кеткен даланың дел-сал кеші еді. Мен ғанамын... Жоқ, мен ғана емес, қыбыр-қыбыр басып адамдар ғана жүр. Өне, байғыз шақырғандай болды... Бәрібір мен ғанамын. Қанша жол жүрдім, білмеймін. Мүмкін, сіз санап берерсіз, қолыңыздан келмейді. Мынау екі кештің арасында сандалбай жүріс, мынау әлем-тапырық екі дүниенің арасында (жер мен көк қой) жөн-жосықсыз жүріс; әлде сіз жол нұсқайтын, жөн нұсқайтын бағыт-бағдаршы боларсыз; әй, қолыңыздан келмес; өйткені сіз де адасып жүрсіз, өйткені олар да көр білте соқпаққа түсіп, көр тамды сүзіп жүр. Адассақ — адасайық, бірақ алжаспайық, алға тартайық. Адамдар адасу арқылы бірін-бірі тауып, бір-біріне сүйеуші болады да. Көзімнің алды тұманданғаны рас екен. Уқалап едім: маздаған мақпал кешке, алқызыл шапаққа бөгіп, маңқайып жатар далаға тап болдым. Адасып жүргендер тым мол екен. Бір қыз, бір жігіттен адасып жүр. Өздері қандай ғажап кейіпте: үстерінде аппақ көйлек, ақ көйлектің етегі тотықұстың құйрығы іспеттес шұбатылып жатыр; ақ көйлектің өңірі алтынмен оқаланған, жалт-жұлт жарқырап көз қарықтарады. Ғажабы сол, тұман сейіліп, тұман көк нұрлы шұғылаға бөленсе де, адасқандар бір-бірін іздеп таба алмады. Көздерін сүзіп, ауаны қармалаған күйі албаты лағып жүр. Маған мына кейуана кейіптегі қалқып жүрген адамдар өмір бақида жолығысып, қол ұстасып сапар шеге алмайтындай, әмбе олар бір-бірін құдайдай құлап жақсы көріп ынтыққан сайын, жалқы сәт жүздесіп бетпе-бет келіп қауыша алмайтындай, өйткені бұлар ғашық жаратылған жандар, өйткені бұлар тақау келіп табысса болды, тәжікелесіп, бұған дейінгі, бұдан сандаған жылдар кейінгі кіршіксіз де

кірбеңсіз аптапты сезім, таза жүректеріне қылау түсіріп алатындай; ал қылау түсіріп алса, махаббаттың таң-тамаша сапарына шығып, түсінде немесе қиялында ғана ұшырасып ғұмырлық мәйек алатын інжіл сыңарды іздеу бақытына не болмайды-ау, деп ойладым. Менің көп ойлауға мұршам келмеді. Себебі мен де әлдекімді іздеп жүрдім. Бағанадан бермен қара басқандай қаңғыл естеніп жүріп, көзімнен кеткен, көңілімнен көмескіленбеген сыңарымды іздеп шарқ ұрып, сандалып бара жатқан жолымнан тая соғып та кетіппін. Тағы да әукесі салбырап қою тұман басты. Қою тұман бәрі-бәрімізді жұтып қойды, тек оқта-текте төрткүл дүниенің әр тұсынан сыңсып жылаған, немесе сақ-сақ күлген мұндықты Һәм дарақы дауыстар естіліп, осы дауыс неғұрлым жақыннан шыққан сайын, қаттырақ жаңғырыққан сайын, миыңды қашайды, екі шық-шытыңыздан қысып, құлында-құлыныңызды шығарар; міне, сіз (мен де) көр соқыр күйде екі алақаныңызбен тілім-тілім болып кеткен екі бетіңізді бастыңыз, сосын бар пәрменіңізбен қатты жүгірдіңіз; етпетіңізден құладыңыз; әлгі шықылтыр ащы айқай-сүреңдер сап болған; құлағыңыз тас бітіп қалғандай; миыңыз да солқылдамайды; дүние тұл; бәрі жым-жылас құрып, сіз ғана жер-жаһанның қожалығына қалған секілдісіз; енді сіз мәңгі тыныш та, тымырсық сапарға аттандыңыз; мен де — мен де аттандым; байқайсыз ба, бағанадан бір-бірін таба алмай сарсаңда жүрген жамиғат жамыраған қозыдай, екі-екіден — жігіт-қыздан қол ұстасып жырлап келеді; олардың қан-сөлсіз сұп-сұр жүзі, анау қараңғыда көктеген шөптей селкем-селкем сап-сары шаштары, арбиған арық қолдар мен сіңірттік сирақтар, көлгіреген аппақ кебіндері, немесе сұп-сүйір кебістері — сұмдық қорқынышты әсер қалдырғанымен, жұптарын жазбастан шексіздікке қарай қасқая тартып бара жатқанын көріп, ішіңізді болымсыз бір тіршілік сәулесі кезеді. Сіз тіріле бастағандай сезінесіз өзіңізді. Бірақ сіз өлгенсіз.

Мен де бағанағы құлаған жерімнен тұрдым да өз сыңарыма ұмтылдым. Біз енді о дүниеде жүрген секілдіміз. Міне, енді бірте-бірте жақындап келеміз, қолымызды создық, сипаладым, бірақ аймалағаным жоқ, тым-тым суық екен. Біз қатар тұрмыз. Оның әлпетіне қаншама тесіле қарасам да, айшықты дидарын болжай алмадым. Белгісіз бәймәлім бас. Таныс дене: аршын төс, қыпша бел, оқтаудай аяқ. Бұл кім? Құдай-ау,

Әлима ғой, Жазира ғой, Роза ғой, Кәмила мен Дәмила ғой, жоқ, олардың бірі де емес. Мұның аяқ жағы — Дариға, кеудесі — Бақыт, басы, бәлкім, Үміттікі болар. Иә, дәл солай. Таптым... Дариғаның балтыры-ай десеңші, Бақыттың жүрегі-ай десеңші, Үміттің келбеті-ай десеңші. Ей, жаратқан ием, көптен тілегенімді — көкпен тілегенімді жерден тауыппын, құдай тілеуімді берді! Мен осыған үйленемін... бұл менің өмірлік жарым болады, біз қазір қол ұстасамыз, сосын мәңгі тұнжыр, мәңгі шексіз беймезгіл шақтағы, беймезгіл уақтағы, беймезгіл дүниеге аттанамыз. Біз жаяу, жалаң аяқ, жалаң бас дәл осы сықпытымызбен сыңсып ән салып аттанамыз. Біз бұл ғаламда жан-жануар, адамзаттың ешқайсысынан именбей... бізге тайпалған маңмаңгердің де, сән-салтанатты киімнің де қажеті жоқ. Жүрші, жаным... үйбай-ау, аты қалай еді? Үшеуіне ортақ есім табу керек. Жүрші, жаным... кім десем екен? Әншейін басқы бір-бір қарпін ала салсам етті. Иә, сөйтейін. Жүрші жаны. БДҮ, кең даланы кезейік, жүрші жаным, БДҮ, мынау ақ боз дүниеден безейік. Жүрші! Мен бағанадан бері қаққан қазықтай қалшыып тұрған қызды икемдей бергенімде, аспанның ала төсін тілгілеп, сусылдай ұшып қос қанаты бар жас бала келді де, алқымымнан ала түсті. Темірдей тегеурінді қол бөбежікті мытып қалғанда, шыбын жаным шырқырап, бүркіт бүрген түлкідей туладым-ай. Ояна келсем, алқымымды орай құшақтап жатқан әйелімнің қолы екен. «Әкетші әрі» деп жұлып тастап, төсектен қарғып тұрып кеттім. Ол «не көрінді» деп күбірлеген күйі, іргеде аунай жатты.

Мен көпке дейін ұйықтай алмадым. Басым зеңіп, тамағым қайта-қайта кеберси береді, ернім қайта-қайта тобарси береді. Мынау үйге бұдан үш-ақ күн бұрын көшіп кіріп едік. Алғашында кең секілді еді, тордағы арыстандай арпалысып ілгерінді кейін адымдағанымда, үйшіктей-ақ болып сезілді. Адамның түсіне қайдағы-жайдағы кіре береді екен-ау. Дегенмен де, осы түстің өзі уақыт уысында кеткен, өткенінді еске түсіріп, сартап сағыныштарыңның сарғайған беттерін парактайды екен. Бұдан сандаған жылдар бұрынғы ойын-күлкілерің, сүрініс-түңілістерің санада қайтадан сәуле беріп, тіпті ертең атар таңнан да хабар-ошар жеткізіп қоя ма деймін. Мен оларды — әлгі үш қызды ұмытқаным қашан. Тым болмағанда өлі-тірісін білсем жарайды-ау. Егер сені кім есіне алса, сол түсіңе кіреді деуші еді, бәлкім, мен

қатыбастанғаныммен солар: «Осындай бір жігіт болған» деп ойлады ма? Жоқ, ойлайтын реті жоқ. Үйлі-баранды, балалы-шағалы болған. Шынында да, не күйде олар? Өздері жер басып тірі жүр ме? Мүмкін, кішкентайлы болған шығар, мүмкін, тұрмысқа шықпаған шығар. Әлде, ерімен кермалдасып айырылысып кетті ме, әлде күйеуі қыз кезінде «сонымен жүріпсің» деп архивті ақтарып, тарихты жаңғыртып отыр ма? Архив — альбом ғой. Жо-жоқ, менің суретімді әлдеқашан жыртып отқа жаққан. Мен олар үшін опасызбын. Мүмкін... бәрі мүмкін. Қайдасындар, қарақтарым? Мен сендерді сағындым, сендерге кінә қойып, сырттарыңнан әсте де ғайбат сөз айтпаймын, өйткені мен қай-қайсысыңды да шын жақсы көрдім ғой. Ал жақсы көру махаббат па екен? Сендермен бірге болып, Қап тауын асып кетсем — не арман. Білем, көп қателіктер жібердік, бірақ сол қателікті жасаудың өзі таптырмас бақыт секілді еді ғой; сол қателіктің өзі бір сәттік тәтті әрі ұмытылмас нұрдан саумал саудыратын; сол қателіктердің қай-қайсысы да айлы кештерде, абат бақтарда, керілген кер далада — кең далада жасалатын; ал ең сұмдығы — ең сұмдық емесі — жеті қараңғы түн құшағында басталады-ай. Естерінде шығар, осынау «күнәні» көптен сағынып, зарыға күтіп жүріп, қол жеткен соң, айықпас ауруға дұшар болар едік, өз өмірімізді кінәлап, өмір бойы өкінеріміз және бар; осының бәрі-бәрі жастықтың асыл айдынында туындайтын.

Түсімде мені қылқындырған сәбиді танитын секілдімін. Көрген, қолыма алып әлдилеген балпанақтай бала. Бірақ оны қайдан, кімнің үйінен жолықтырғанымды есіме түсіре алмай дау болдым. Апыр-ау, мен оны қайдан көрдім!

(Әйелім алаңсыз, тәтті ұйқы құшағында жалғыз жатыр. Жүзінде әлденендей шаршау бар, жүзіндегі жұқалаң мұңды лыпып келген үміттің таусылмай тасып тұрар қаны айдап әкетеді).

Егер қожайыным энергия көп кетіп қалады деп ұрыспаса, дәл осылай қу тіземді құшақтап отыра берер түрім бар. Жүрегім өрекіп, әлдене, тіпті өлең жазғым келді... Бәрі де кешегідей. Жылдар жылжыған сайын, уақыт ұрлап, қарттықтың қан сидіретін иектеген сайын, немесе басың ауырып, балтырың сыздағанда, немесе қуарған қу бас атанып жалғыздықтың жапасын шеккенде, таусап талшық терің, медеу

ғып мекіренерің — сонау көз ұшында қалған бозбала әм жігіт шығындағы жасаған қызығың болар. Сонда сен, мүмкін, өмірдің құзқиясынан, өлімнен де сескенбейсің... Жүрегім сыздағандай болды. Еріксіз қаламға жармастым. Кеше сатып әкелген балауыз шырақты жағып, қожайынның жарығын өшірдім. Қыздар, мен сендерге ағымнан жарылып, осынау жолдар арқылы ескерткіш орнатқым келеді.

(Әйелім ұйқысырады. Мүмкін, оның түсіне де алғаш рет танысқан бозбала, немесе сәби кіріп жүрген болар).

БАҚЫТ:

Сол сәби мені кешірер ме екен.

Бір жылда бір-ақ рет келер демалыста аңсарым ауа, асыға күтер едім. Асыға күтетінім, қол-аяқты жазып аунап-қунауға әуестігім, еңсені езген ауыр еңбектен қашқаным емес, ауыл атты анамның ыстық та дарқан құшағын сағынғаным шығар.

Маған ауыл — тіршіліктің дәмін сездіретін, мынау мазаң өмірге келгенімді, ал келген екенмін, не себептен ғұмыр кешіп, не үшін тыраштанып жүргенімді аңғартар. Ауылым — анадай ардағым, ауадай қажетім. Ауылым — Отаным. Мен мұнда күздің сылбыраң лайсаңында, күздің көрдей қараңғы түні еңсеріліп, атар таңнан хабар сезілгенде, әкем адамды адам жеген сойқан соғыста қан кешіп жүргенде, елден де, жерден де жетімсіреген бір жадау күй аңғарылып, атты кісіні аударып түсірер ызғарлы жел ескенде туыппын. Сонда менің шешем қалжаға күлге көмген картоп жеп, әкемнің ескі ерінің айылымен белін буыпты; сонда мені кенеп жөргекке орап, әкемнің қаңсыған ыңыршағын төңкеріп соған бөлеген екен. Атымды ырымдап Жеңісхан қойыпты. Мен Жеңіс ала келген екенмін. Мені осы ауыл асықтырар.

Егер ауылды сағынсам — көз алдыма бір бұрымдап өрген шашын омырауына тастап бұрала басып су әкеле жатқан, күн қызарып батареда, өрістен қайтқан малды тосуға шыққан, немесе ала сиырдың астынан өткен-кеткенге сығалай қарап сиыр сауып отырған қыз-келіншектер елес беріп өтер.

Мен ауылды сағынсам — сонау қырық деген қырғынды жылда жігітпен қыдырудың не екенін білмей, қыршын қиылған апаларым түсіме кіріп, ағыл-тегіл көз жасы таңдайыма тамып кеткендей әсерде болармын. Әкемнің төрт қарындасы болған, үшеуі жар құшағын көре алмады, жарық дүниеден мезгілсіз аттанды. Қыз үшін — бұдан аянышты өлім бар ма?! Мен әмәнда өз құрбыларымды асыл азаматтың қолтығынан, қырмызы теріп қырда жүрген шаттықты шақта көргім келеді. Арманда кеткен апаларым үшін солар — бүгінгі қыздар сезінсе екен жастықтың салтанатын деймін. Жақсы сөзден жаңылған жар болса — жылап тұрып кешіремін, жылап тұрып осы сұмдықтың өзінен апалар бақытын көрермін, апалардың ерте үзілген күміс күлкісін естірмін. Бейбіт жылқының жусағанындай әдемі шақта жалтаң тартып, жазым басқан қисық табан, жалаң төс жастар-ау, осынау бейуақ мамыр мезгілге еркелеп жүрсіндер-ау. Мен сендерді кешірер едім...

Ауыл өзгермейді. Өзгерген мен ғана. Ата жұртыма келген сайын ауыл ақсақалдары: «Оу, бір шаңырақтың жалғызы едің, қаланың жалбызы болып кетіпсің ғой. Әкең болса кетеуі кеткен шаруасын реттей алмай азып-тозып жүр, сен болсаң орға жығар құрмет-атақтың садағасында босып жүрсің. Есің барда еліңді тап, шырағым», — дер еді. Әйелдер айтатын: «Түу, алты ай қыс шанаға шеккендей арығаныңды-ай, неге жүдеусің, бетінде қан жоқ қой, қан». Құрбыларым әзілдейді: «Немене, етегіңе намаз оқып жүрсің бе, бес жыл болды, шыр еткенің жоқ. Өзіміздің қатын бесіншіні лақтырып жіберді». Ал мен үндемей күлімсіреген, жүдеген күйі тыңдап тұратынмын. Ауылдастарым осындай аталы ақылын, әзіл-оспағын айта берсе екен, деп тілеймін.

Мен ауылға оралған сайын, бәрінен де бұрын он жыл табан тоздырып білім алған қара шаңыраққа соқпай, тозған табалдырығынан аттап, сығырайған терезесінен ақ бас Алтайға, кең дүниеге көз тастамай, қоңыраудың сылдырын естіп, осынау сылдырды бәйгеден ат күткендей тағатсыз тосып отырған оқушыларға есендеспей, сабаққа үнемі ішіп келетін данышпан ағайға — әдебиетші ағайға тағзым етпей, қия баспаймын. Сосын мен мектеп ауласынан сытыла ұзап, Күркіременің сайлауымен Бозталға тартамын. Сіз білесіз бе, Күркіременің мойыл қуалай өскен терең сайы мектептің дәл іргесінен басталып, Бозталға

тұмсық тірейтін. Осы өзекті қуалай сұп-суық мөлдір бұлақ ағатын. Бәрі бәз қалпында, тек осы сайдың жиегіне ағаштан қиып монша салыпты. Бұрын он рет өртеніп қара күйе болып тұратын жапырайған жер тапа жоқ. Мен соны сағындым. Күркіременің суы баяғыдан гөрі суалыңқырапты. Ана жылы қар қалың жауып, Бозталдың көп талқайыңын малға жығып берген. Қазір ырсия сиреген. Күркіреме Бұқтырмаға құяды. Оның дәл құяр айлағында айгөлек қайың қоршаған алаңқай бар. Бұл — менің махаббат мекенім. Ең ұзақ аялдап, бір-біріне жосылып келіп қосылған судың ақ көбік иіріміне телміріп мелшиемін-ай. Мен сонда шындап күрсінер едім. Көзімнен болымсыз жас шығатын. Астымнан сыз өтетін. Бәрібір отыра беремін. Мен оны сонда ғана есіме алатынмын. Оның жұмбақ бейнесін алыс-жұлыс тірлік, азынаған уақыт, мазасыз жұмыстан жалқы сәтке әрең аршып алатынмын. Көз алдымда ол ылғи да жылап тұрар, ылғи да кінәлап, бар пейілімен құлай жақсы көріп, кешірім жасап тұрар.

(Жазуым осы тұсқа келгенде, әйеліме қарадым. Ол терең күрсініп барып іргеге аунай жатты. Балауыз шам өлімсірей сәуле шашады).

Мені судың ар жағында тұратын кәрі жездем қонаққа шақырды. Әкем кер биесін ерттеп берді де, әпкемнің ұлын артыма мінгестіріп, суға дейін шығарып салды. Өткелде тұрып: «Құлын адасып қалмасын, су тасып кетпей қайтып оралыңдар», — деді. Ақшам жамырай жездемнің үйіне жеттік. Жездем қожанасыр адам ғой, ауылды айнала зыр жүгіріп жүріп, ісек тауып әкелді. Мүйіз сапты пышақты жалаңдатып алдыма қойды да: «Ал, ықылас істе», — деді.

Жездем арақ ішкенін қойған екен. Маған еріп ауыз тигені болмаса, көбінесе мені қыстаңқырап: «Ал, кеттік, екі жылда бір келесің, жаман жездеңе өкпелеп жүрмісің», — деп алдап іштіріп, өзі сақ отыр. Он екі бала өсіру оңай болып па, бұрынғыдан әлдеқайда қартайып, шашын қылау шалыпты. Тіршілікке біржола мойынсұнып, көмпістену байқалады. Менің көңілімді аулағаны ма, өлең айтты, оның бір-ақ әні бар:

Біздің ауыл Ақшиде,
Сіз жолаушы бұл үйде.

Кімге жолдас болады,
Опасы жоқ сұм дүние.

Ол осы әнді сан рет қайталап, ақырын «аспанның асты қуыс, дүние — боқ, ер жігітке қайда барса, таң атар?» — деп, аһ ұрып аяқтайтын. Мен жездемнің өзегін өртеген бір өкініші барын, ал сол өкініштің өзі ғұмыр бойы сыртқа шықпай іштей мүжіліп, іштей таусылып жүргенін, бірақ сол өкініш не және не үшін қажет болғанын, тіпті сол бір өкініштің өзінде тіршілігінің демеушісіне айналған құдіретті бір сиқырлы күш барын аңғардым ба, әйтеуір, жездем осы әнді айтқан сайын, мені де белгісіз мұң басып, тәубеге келетінмін. Ішіп жүрген кезінде солқылдап жылар еді. Жездем — жұдырықтай ғана домалақ адам. Мас болып туласа, апайым тырп еткізбей бауырына басып отыратын. Ал кешігіп үйге келмей қалса, «қайда жүр екен қаңғылестеп, әлдекім бір бүктеп қыстырып кетті ме» деп, екі көзі төрт болып, мың кіріп, мың шығады. Қалай болғанда да, он екі баланы асырап-сақтаған қаршығадай жездемнің алдында бас иіп, осы он екі бала ер жетіп, төбесін көкке жеткізер күнді аңсайтынмын. Бірақ жездем аңсамайтын. Ол айтар: «Мен оларды асырау үшін дүниеге әкелдім. Ал олардың жарылқауы міндет емес». Менің таң-тамаша қалатыным, отыз жыл шәй деспеген апа-жездем о баста бір-бірін сүйіп қосылды ма, біз құсап «дружить» етті ме, сұңғақ бойлы, он екі құрсақ көтерсе де, өңін бермеген әпкем жездемді қалай менсінді? Бәрі де жұмбақ, мүмкін, осы жұмбақтың шешімін таппағаным жақсы шығар.

Жездем мені есік алдына ертіп шықты да: «Биыл қаз-тауықтың өсімі жақсы. Қыс түсе, екеу-үшеуін сойып саған саламын. Адресінді айтып кет. Әнебір қоңыр ала қазды... Қалай, көңілің көнши ме?» — «Әрине ғой, әрине, жезде».

(Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені есіме алдым. Оны жездем жолдаған қаздың етіне салып пісірген едік. Ол — ұйқыда. Балауыз ери жанып тұр).

Үш күн еру боп, кешке қарай атқа қондық. Жездем тағы бір түнеңдер деп жығыла жабысты. Түндегі жаңбырдан кейін Бұқтырма тасу болған соң, көпір айналып өтуге тура келді.

Кер биенің жүрісі жайлы. Ықыластана аяндағанда, сабасаң да бүлк етіп желмейтін. Болатжан жаурады білем, арқама жабыса түсті. Сентябрьдің ортасы, бұл өңірге қыс шақырып, күн еңкейсе болды суытып, күндізгі қойбатпақ қара қатқаққа айналатын. Биыл күз жауынды, жел аз. Сондығы ма, ойпаң-ойпаңның шөбі әлі көк қалпында жатыр. Ағаштың жапырақтары да өлімсіреп тұрғаны, болмаса жаппай сусып түсе қойған жоқ. Болатжан қалғи бастаған соң, құлап кетпес үшін екі борбайын қанжығамен байлап, таңып тастадым. Кер бие зірк-зірк аяндап келеді. Бірсін-бірсін жұлдыздар шыға бастады. Арт жақтан салт атты екеу қуып жетіп, бетімізге бағжая қарады да, басып оза жөнелді. Мен жым-жырт іңірде, жалғыз аяқ тоң соқпақпен үнсіз, мұңлы да сиқырлы ойдың құшағында сапар шектім. Сапардың, әсіресе, мынау оңаша қияли сапардың, әйтеуір, аяқталарына, ал аяқталса, тіршілікке қош-қош айтып арманда аттанудың растығына көзің жетер. Іңірде жолға шығыңызшы, құдай-ау, қандай ғажап: бір-біріне иек артқан таулар талықсиды, шымшыма ызғар бар жел қарсыдан соғар, қарсыдан соққаны жақсы, артымда аға тұтып арқалаған бала бар ғой, жас өкпесіне суық өтер. Болатжанның балағы жиырылып, жіліншігі ашық қалған екен, ұстап едім, мұздай; өзі пыс-пыс етіп ұйықтап отыр. Басымыздан бір топ тырналар ұшып өтті, мүмкін, балапанын кеш шығарып, соны ұшуға жаттықтырумен аялдап қалған ең ақырғы тырналар шығар; басымыздан қос шүрегей кері ұшып өтті, мүмкін, қыстауға қалған шығар; қыр жақтан ат кісінеді, құлын ымыртқа оранып көрінбей қалса, «қыру-қыру» деп шақырып тосып алуға мәжбүрсің. Мен өз-өзімнен жуасып, томаға-тұйық отырмын. Мүмкін, өткенімді есіме алғаным шығар. Анау арғы бетте жарқырап жатқан — Өрнек деген ауыл. Біз соңыра көпірден өтіп барып, сол ауылды жанай өтеміз. Сол ауылда қазір мен ойлап келе жатқан қыздың үйі тұрады. Ол менің ең алғашқы қыдырып, ең алғашқы сүйіскен, ең алғашқы рет бозбалалық жасап жылатқан қызым. Ол менің мынау жолдарды жазуға мәжбүрлеген жарылқаушым, мені жанындай жақсы көрген ақ тілекшім. Білесіз бе, әй, білмейсіз ғой, оның есімі — Бақыт. Арада алты жыл өтіпті—бір-бірімізді көргеніміз жоқ; арада алты жыл өтті — хат-хабар алысқанымыз жоқ; елден естуім бойынша — институтты биыл бітіріп келіп, ауылында мұғалім болып істеп жүрген екен. Мен Бақытпен өткізген інжіл шақтарды еске алдым.

Мен оған оқуға түсе алмай кеп, совхозда трактор айдап жүргенімде сөз айттым, сөз айту есіме де келмеген. Ақпанның ақ түтек боранында шанамен ағызып келе жатқанмын. Астыма басқан бір қапшық үн бар. Осы іспетті екі кештің арасы-тын. Алдымнан жалғыз жаяу көрінді. Қуып жетіп, озып барып тоқтадым. Оныншы класс оқушысы Бақыт деген қыз екен. Шанаға отырғызып алдым... Мұғалімнің көзіне шалынбай ептеп қыдыру, ептеп хат жазысу осы түннен басталған. Бұрын байқамайды екенсің, күндер өткен сайын, әдеміленіп, ыстық тарта берді. Көктем туа, біз өзгеше жақындасып, қимастай боп табысқанбыз. Ол интернатта тұратын. Ауыл ұйқыға бас қоя, түнгі жорыққа аттанатын едік. Біз үшеуіміз — Амантай, Шыңғыс деген екі досым бар. Үркер тас төбеге тырмысқанда, еңбектеп жатақхананың терезесіне барамыз. Үш қыз осы терезе түбінде қатар жататын. Ұзын солқылдақ шыбық алып, түртіп оятар едік. Олар терезенің желдеткішін әман ашық ұстап, өте сақ ұйықтайтын. Сосын басқа қыздарға білдірмей киініп, сытылып тысқа шығар (Мүмкін, дос қыздары сезіп жүрген болар). Қол ұстасып жүгіріп Күркіременің сайлауына түсіп, Бозталға дейін құлдап кетер едік. Барар жер, басар тау жастық салтанатымыздың шығар өрісі, арман ағысымыз ағар арна, құяр саласы біреу. Ол — Бозтал, Бозтал! Дүниеде біз үшін одан қымбат, одан ардақты ештеңе жоқ. Өйткені сол Бозтал түн жамылған тірлігімізді көлденең көзден далдалар тұрағымыз. Есінде ме, айнама, екеуіміз қол ұстасып қатар келе жатқанда, қарсы алдымыздан мектеп директоры шықты ғой. Сілеусін көргендей сілейіп тұрдық.

Ол үндеген жоқ. Бар айтқаны: «Шырағым, куәлік алмай тұрып, босанып қалма»,— деді. Бірақ сен үшін (мен үшін де) осы сөзден ауыр, осы сөзден сұрқия, әрі арсыз не бар еді. Жазығымыз өзіміз де сезіп біле бермейтін жастық кешуін бастан өткеріп, ғұмыры қайталанбайтын сиқырлы түндердің куәсі болғанымыз, әрі таза, әрі күнәсыз сезімнің жетегінде салтанат құрғанымыз ба, әлде ерніміз әлі жақындамаған, тек жүрегіміздің дүрсілін ғана тыңдап босқа бошалаған бір-бірімізді тек түсімізде немесе қиялымызда ғана құшып, осы ерлікті өңімізде жасауға батылымыз жетпей жүрген мең-зең хал-хадірімізді қызғанды ма; иә, біз, таң қылаң бере, Бозталдан шығып, суға малшынған көкорайды тобықтан кеше, ілби басып кері қайтар едік;

сосын есікті ашып ептеп үйге кіріп, қой күзетіп келгендей сұлай жығылар едік төсекке; сонда таң әлетінде тықырлатып есікті ашып жатқанымда, қораның арғы бұрышында атын ерттеп тұрған әкем мені көрмеген болып, теріс қарап күйбеңдер еді; сонда аяғымның ұшынан басып төсекке жетіп, сыбдыр-сыбдыр шешініп жатқанда, шешем басын көтеріп: «Қайда жүрсің, құлыным-ау», деген сөзін естігенде... біз бірден ұйықтап көрмеген шығармыз — бағанағы таңғажайып сапарымызды тағы бір ойдан өткеріп, біз үшін әзірше беймәлім ертеңді, ертеңгі кездесуді тағатсыз аңсар едік; өстіп балаң қиял бізді бірте-бірте талықсытып ұйқының құшағына апарып тапсыратын; біз түсімізде және де ұшырасып, жұмаққа аттанып бара жатар едік; мен сені үнемі жоғалтып алып, шошып оянып жүрдім; бақсам, осының бәрі-бәрі де жастық — жалт етпе лыпыған сезім түйсіктері екен.

Ертеңінде сені педсоветке, мені совхоз комсомол комитетінің мәжілісіне шақырды. Сен енді қайтып маған жоламасқа комсомолдық антыңды беріп, ал мен... мен өзіңе айтып едім ғой, әкемнің кенже қарындасы қатты сырқаттанып жатқан күні кешке, үш рет шабарман жіберіп жиналысқа шақырды. Алты-жеті адам отыр. Төрде директор, оның қасында класс жетекшілерің. Түстері кісі өлтіргендей суық. Маған отыр деп ешбір ишара жасамаса да, дәл директордың жанына жалп еттім. Мен үшін бәрібір-тін. Көп көргені төрт доңғалақты «Беларусь» болса, қызығымнан садаға, онсыз да кетеуі кеткен итаяқ.

- Ал, Жеңісхан! — деді комсомол комитетінің секретарь — сөйле. Мектеп саған өкпелі.— Ләм дегенім жоқ. Директор сөз алды:

- Бұл кеше ғана осы мектептен тәрбие алып, мына біздің қолымыздан шыққан бала еді. Бүгін, міне, бетімізге қара күйе жағып отыр. Шырағым, ауылдың қызы жетпегендей, мектепке ауыз салғаның не? Үнемі аңдып, қолыма түсіре алмай жүр едім, құдай айдап, алдымнан өздерің шықтыңдар. Ұятсыз, безер екенсің. Ертең сол қыз жүкті болып қалса, сенің емес, мына менің басым кетер.
(Мен Бақытты әлі сүйе де алмағанымға өкіндім). Класс жетекшісі айтты:

- Түн жамылып ауыл торып, қыз аңду — феодализмнің қалдығы. Бұл бүкіл мұғалімдер коллективін қорлап отыр.

Секретарь ақырғы сөгіс берді. Мен бұл талқыда бір-ақ сөз айттым:

- Маған десе қуырып жеңдер, маған Бақыт ұнайды.

Мен жиналыстан шығып үйге жақындай бергенімде, шешемнің зарлаған ащы даусы естілді. Тотықұс өліп қалған екен...

Иә, Тотықұс! Тотықұс отыз жасында қайтыс болды. Бұл әкемнің төртінші — ең кіші қарындасы. Сандуғаш ең үлкені еді. Бұқтырмаға ағып өлді. Қарлығаштың өлімі тіпті аянышты. Соғыс кезінде шөп шауып жүріп, күндізгі еңсені езген жұмыстан әбден қажы ма, тамам қызды жиып, ән айтып, алтыбақан тебеді екен. Ән айтып, алтыбақан теберде, қарағайдың түбінде от жағып, сол от сөнгенше майданда жүрген ер-азаматтарды еске алады екен. Ән айтып, алтыбақан теуіп отырғанда, қарағай құлап, қазаға ұшырады. Екеуі де бір-бірінен өткен сұлу деп естимін. Екеуі де соғыс кезінде шейіт болған. Көріп-білгендер айтады: обал-ақ, бой жете бастағанда, соғыс деген суық сөз естілді, ер-азаматтан айрылып, соның орнын басты. Еңбекті ер етті; жазған қыздар еркек кіндіктің бетіне күле қарап, жар дегеннің не екенін біле алмады-ау; қызықтың дәмін татпай қыршындары қиылған қыздарға алтыннан дара бір ескерткіш орнату керек. Тотықұс, сен не көрдің. Рас, сенің артыңда тұяқ қалды, үй-ішімізбен күні-бүгінге дейін ол кімнің баласы, әкесі бар ма, бар болса қайда жүр, білген бе екенбіз. Рас, сен жасыңнан ауруға шалдықтың, қол-аяғың суалып, мүгедек болып қалдың; сен де қалыңдықтың қасиетті суын іше алған жоқсың; құдай қосқан қосағыңмен тар төсекте табысып, емін-еркін жаттың ба? Жоқ! Мүмкін, сен сол бір қарадомалақ ұлды дүниеге әкелерде, қос апайыңның қолы жетпеген арманды еншілеген боларсың, бәлкім, қос апайың әм өзің үшін ең алғашқы, рас, ең ақырғы ұрлыққа тал бойыңдағы асылды нәпсінің құлы — мен білмейтін «жездеге» сыйға тартқан да шығарсың. Иә, біз мынау артымда мінгесіп келе жатқан ұлдың әкесін мәңгі бақи таба алмаймыз. Оның әкесі — Сандуғаш, Қарлығаш және өзіңсің. Үшеуіңнің — мұң-зарың, адал да аңқау інкәр сезімің, демдерің үзіліп, мынау миғұла дәуірмен қоштасардағы

қалдырған аманаттарың. Үшеуіңнің әкемнің үйінде ілулі тұрған суреттеріңе қараған сайын, ет жүрегім қан жылап, аруақтарыңның алдында басымды иемін.

Құдай-ау, айналайын құдайым, осы әпкелерімнің тәлкек тағдырын, сойқан соғыстың зар-запыранын, кеше туған жас қызға бермей-ақ қойшы. Олар онсыз да... онсыз да...

Есінде болар, айнам, мен сенің ұлы сезіміңе ие болдым. Сен маған имандай сендің. Сенетін жөнің де бар-тын. Өйткені мен ол кезде азанда жауған ақша қардай таза едім ғой. Комсомолдық антыңды бұздың. Көпке дейін тілсіз хат арқылы сөйлесіп жүрдік. Мемлекеттік емтиханды аяқтап, қоштасу кешін жасаған күні өз еркің өзіңе тиген соң, мені де шақырдың. Сол күні сенен бақытты жан болмаған шығар. Екі бетің бал-бұл жайнап, әдеттегіден әлдеқайда сөзшен, ұшқалақ болдың. Сол кештегі күлкің қандай керемет еді; әлде сен рақаттанып мұңсыз-қамсыз жер басып, сақ-сақ күліп жүре берем деп ойладың ба; әлде сен жігіттерге бар діліңмен сене берем деп пе едің, әлде сен өмірдің тәттілігі, жастық дәуреннің қызығы таусылмас деп ойладың ба? — Бұл — ақырғы күлкі, ақырғы сенім, ақырғы алаңсыз қызық еді. Білем, сен күлдің, сендің, қызықтадың, — бәрібір баяғыдай емес. Елегізесің. Шошынасың. Күрсінесің. Өйткені ол — ғұмыры қайталанбас, қайта айналып келмес кеш болатын.

Екеумізді достарымыз Бозталға дейін ұзатып салған болатын. Біз Бозталға Күркіременің сайымен бұқпантайлап бармаған едік. Сыпыра қырмен алшаң-алшаң аттап жүрдік. Мен сенің қолтығыңнан емес, қолыңнан емес, құшақтап бардым. Сол түн ай қандай жарық еді десеңізші... сол түні қандай жылы еді десеңізші... сол түні құстар қандай көп сайрады... сол түні Бұқтырма тасыды... сол түні күлдің, сол түні жыладың, көп жыладың...

(Әйелім күбір-күбір сөйлеп, енді бері аунап жатты. Тоңазыды ма, қол-аяғын бауырына алып, бір уыс болып бүрісіп жатыр. Балауыз шырақ ылжырай жанып еріп тұр. Мен әйелімнің үстіне пальтомды әкеп жаптым.)

Бақыт, сен тоңазыған соң, педжагімді шешіп, иығыңа жаптым. Сен маған тақалып, қойныма тығыла түстің, мен де. Біріміздің ішімізге біріміз кіріп кетердей халде отырмыз. Бозталда түнеуге бел байладық. Біз отырған жерге ай жарығы толық түспейді, жапырақ-жапырақтың ара-арасын сығалап алашабырланып тұр. Мен сені алғаш рет сүйдім. Қарсылық білдірмесең де, жүрегің өрекіп, дірілдеп отырдың. Ендігі сәтте екеуміз ди жиі-жиі дем алып, ыстықтап кеттік. Қолым балтырыңа тиіп кеткен мезетте, селк етіп шошынып қаламыз. Бірақ бізге осы таза ынтықты сүйістен өзгенің қажеті де жоқ еді. Бағана аздап қызыл арақ ішкенбіз, соның буы ма, жердің сызын, өзеннен ескен салқынды елеп-ескермей отыра бердік қой. Есінде болар, Бақыт, таңға жуық ұйқымыз келе бастады. Сонда да көзіміз ілінген жоқ. Сонда да біз бір-бірімізге «сен мені сүйесің бе?» деп сұрағанмыз жоқ. Балтырыңды ұстадым — сұп-суық екен. Сипап жылытқансымақ болдым — үндеген жоқсың. Саныңды ұстадым, жатқанда көйлегің түріліп ашық қалған екен, сұп-суық — үндеген жоқсың. Бетіңді бетіме бастым, сұп-суық — үндеген жоқсың. Тек демің ғана ып-ыстық. Сенің көзің жұмулы, көңілің мас. Бұл күй маған да ортақ. Біз талып жатқандай едік. Біз ұлы бір шайқастан кейін тыныс алғандай, ұлы бір шайқасқа аттанар алдындағы дайындыққа әзірленгендей едік. Сенің бетіңнің ар жағына айдың нұры құйылған қайыңның жапырақтары көрініс беріп, осы сырмақтың оюындай суреттер өн бойыңды шұбарлап, шыпырлап тұр; кезіндегі теңгедей жарық қамасқан кірпігіңді көтеріп қалған сайын, саулап жанарыңа құйылатындай; көзіңді ашқанда, ай нұрымен шағылысқан қарашығыңнан от көретінмін, осы оттың сөнбеуін іштей тіледім де; міне, енді сен шалқаңнан жатырсың; үстіңде ақ көйлек, үстіңдегі ақ көйлек салқын ауамен дымқылданып тәніңе жабысса, сол ақ көйлектің етегі томпайған етті тізеңнен жоғары түріліп, тек бірыңғай жұп-жұмыр саныңды, өр серпіген кеуденді ғана далдалаған; қолыңда бір сабақ бидайық, аузыңа салып ерніңмен талмап, сосын бетіңе үңілген бетімді қытықтайсың, мен сенің кеудеңе басымды қойдым, талайға дейін қимылсыз, жүрегіңнің дүрс-дүрс соққанын тыңдадым емес пе; сосын сен басыңды көтеріп, екі аяғыңды созып жіберіп отырдың; енді менің басым сенің тізеңде жатты; мен шалқамнан жатып, анау қара көк аспан, жарқыраған жұлдызға қарадым; шашың сусып түсіп мойныма

оралған; сен менің шық-шық шашымды сұп-суық, сұп-сүйір саусағыңмен салалап жоғарыдан төмен қарап отырдың; енді мен тек сенің жанарыңды, ақ құбаң тартқан дидарыңды ғана көрдім; оң жақ қолымды беліңе орап барып, өзіме қарай қатты қыстым; оң жақ қолымды ту сыртыңнан өрлетіп апарып мойныңа салдым, сосын басыңды өзіме еңкейттім; «мені сен бір сүйші» дедім; ұялдың, шалқайып кеттің; мен әлгі қылықты тағы қайталадым; сен айттың; «ұяламын, көзіңді жұм» дедің; көзімді жұмып көп тостым — келмедің... келмедің; шыдай алмай көзімді ашып жібердім; еңкейіп келіп, бірақ жүрегің дауаламай, дел-сал отыр екенсің; көзімді қайта жұмдым, ерніме әрі суық, әрі ыстық ернің тиді; бетіме бір тамшы ып-ыстық жас ағып түсті; бұдан соң сұлқ құладың; аймалап жүріп аузыңды таппағанымды білемін; бұдан соң миым емес, қолым жұмыс істегенін білем; бұдан соң өлтірсең де ештеңе білмеймін.

Айнам, есінде, ме, сен көп жыладың, мен міз баққан жоқпын. Жеңіске жеткендігімді сезіп, әжептәуір тәжірибе жинағандай тояттап қалыппын. Мен тіпті сені бұрынғыдай жақсы көрмейтін секілдімін... Екеуміз жар жағасында қатар, тіземізге иегімізді қойып атар таңды қарсы алдық. Атар таңды әлгіндегі қылықтан бұрын қарсы алғанымыз қандай жақсы еді. Рас, атар таңды пәк қарсы алмаған едік. Күншығыс жақ бірсін-бірсін сөгіліп ақ боз-данды; әлдекім от алып өткендей болды; сол оттың жап-жарық сілемі қалып қойғандай болды; енді бір сәтте сарғайып, сыбызғыланып таң келді. Жүзіңе қарадым, атқан таңдай боп-боз екен; боп-боз ертеңгі шақ шапақтанып, күн бояуын қып-қызыл ғып жағынып алды, бірақ сенің жүзің бәрібір ақ боз жүдеу қалпында қалды. Білем, күн шыққанда, терең күрсіндің (үлкендер айтушы еді, күн шығарда күрсінуге, жылауға ұрсысуға болмайды деп), ұялдың ба, мені тоспастан қарғып тұрып, ілби басып жүріп кеттің. Өне... сенің шашың дудырап, туфлиіңді қолыңа шешіп алып, жалаң аяқ, жалаң бас шық кешіп барасың; күнге қарсы жүрмей, құбылаға беттедің; күннің қып-қызыл нұры аппақ көйлегіңе түсіп, қандап бара жатты, мен саған ере алмадым, еруге қақым да жоқ еді; сонда ту сыртыңнан қарап отырып, әрі қимасымдай жақсы, әрі тояттағандай жек көрдім; өне... сен ілби басып шық кешіп барасың; жүзіп бара жатқан секілдісің; мүмкін, көзіңде жас бар да; әлде ұяттың оты өртеді

ме екен; сақ-сақ күлгім, ботадай боздап жылағым келді; неге жүгірмедім, неге ермедім соңынан; эне... Бақыт күннің алтын шұғыласына оранып, жер мен көктің арасында қалқып барады... құдай-ау, сол бақыт құсы болмасын, жаңа ғана менің басыма қонған секілді еді ғой, үркітіп жібердім-ау; енді бұл қайтып айналмас, мүмкін, мәңгілікке жоғалтып алған шығармын, мүмкін, мәңгілікке сорлатып алған шағармын.

Токта!

(Даусым қатты шығып кетсе керек, әйелім оянып кетті. Көзін жыпылықтатып біразға дейін аң-таң жатты да:

— Неғып отырсың?— деді.

— Жазып, жазып отырмын.

— Үй суық қой, жатсаңшы.— Сосын ол үнсіз қалды.)

«Өй, мынау кім?»— деген дауыстан шошып есімді жидым. Кер бие әлдекімнің ауласына тұмсық тіреп тұр. «Кімсіз?»— деді әлгіндегі жіңішке дауыс. Зілдей боп басқан ауыр ойдан арыла алмай зеңіп отырған мен: «Жеңісханмын»,— деппін; «Жеңісхан... қайдағы?..» есімді жидым. Ағаш қашаның ар жағында бір қыз тұр. Жалма-жан арқамды сипалап едім, басы салбырап Болатжан әлі ұйықтап отыр екен. Салпақ-салпақ жүріс әбден өтіп, шар-шаған құлын тырайып жата кетсе керек. Кер бие мүлгіп тұр. «Мынау кімнің үйі?» «Менің үйім», «менің кім?» «Бақыт», «А... а, Бақыт!.. Қайдағы?» «Екеуіміз де ұмытқан екенбіз».

Біз үйге кірдік. Болатжан ұйқысын сонда да ашқан жоқ. Былқ-сылқ еткізіп төсекке жатқыздық. Алты жыл көрмеген Бақытты адасып жүріп тапқаныма қайран қалдым. Санадағы сан-сапалақ елес мұрындық боп, бар ой-қиялым қолыма тарап, билеп-төстеп бұл үйге аттың басын бұрып әкелген көзім емес, көкірегім екен. Кер биенің үстінде қалғып ақыл-ессіз отырсам да, ырықтан тыс тылсым күш бастап Бақыттың жұртын жаңғыртып тұр. Түйсік алжастырмаса керек.

Бақыт кеп өзгермепті. Мені кәдімгі кәнікті қожайын ретінде, ескі танысындай салмақты жүзбен қарсы алды. Бет-әлпеті мен қимыл-әрекетінен еш өзгеріс, толқымалы сасқалақ сезімнің ұшығын аңғара алмадым. Еркін сөйлеп, еркін әмір етеді. Мен оның балалық шағын ғана білемін ғой. Онда ол бар болғаны он сегізге шыққан. Есімде тек жайсаң жауқазын шағы қалып қойса керек. Мен соны қажетсініп тұрмын. Ал қалай есейгеніне куә болғаным жоқ қой. Алты жылдың араға салған ұра-жырасын толтыру мүмкін бе? Аспаннан жұлдыз құлап кеткендей қас-қағым сәт болып көрінгенімен, сол жылдардың салған жарасы жоқ дейсің бе? Жымыып келіп, жылатып кетер күндердің аңсарында күштеп, жүрек пен маңдайыңды тыртықтары әмбе, рас. Әйтсе де Бақыттың әлпетінен гөрі, мінез-құлқы ерте есейген-ау. Дүниенің бәріне салқын, самарқау қарайды. Көзінде нұрдан гөрі ақыл басым; жуас мұң қабыздаған.

Маған шай қойып берді. Шай құйып отырып сұрады:

— Айман сау ма? Кішкентайларың бар ма? Денсаулығың түзелді ме?

— Сау. Жоқ. Түзелді,— деп жауап бердім. Неге екені белгісіз, мені де көңілсіздік басты.

Шай ішіп болған соң, карта ойнаған болдың. Суық өтіп кетсе керек, ауық-ауық жөтеліп, мазам кетіп-ақ отыр. Бақыттың әке-шешесі көрші ауылға бата оқырға кетіп, сіңлісі екеуі ғана қалған екен.

Біз бір-бірімізді өте суық қабылдадық. Бөтен, мүлде жат адамдар тәріздіміз. Екеуміз де өткенді еске алғымыз келмей, ал еске алсақ болды, беріштеніп қалған ескі жараның аузын тырнап, қанатып алатындаймыз. Жол-жөнекейдегі әдемі асау қиялдарым, Бақытты жалқы сәт болса да көргім келген тілемсек тілек осыншалықты тосырқаумен аяқталар деп ойлағаным жоқ. Ол маған сурет альбомын көрсетті. Ең ғажабы, альбом менің суретіммен басталады. Мен бұдан алты жыл бұрынғы қағылез де, уыздай жас бозбаланың дидамын көріп, қазіргі Жеңісханға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын айырма таптым. Өмірге алаңсыз, таза тілек, іңкәр сезіммен қарап отырмын. Қайтып қайталанбайтын бусанған уыз, жалтыраған мәрмәр шағым да осы

шығар. Бақыт өз суретін қатар жапсырыпты. Осы сурет арқылы бағана жолда есіме алған, қиялымдағы Бақытты елестетуге болушы еді. «Сенің хатың сақтаулы менде»,— деді Бақыт. Сосын көнелеу сарғайып кеткен кітаптың арасынан сүрленіп қалған үш-төрт хатты алдыма тастады. Сол хаттың біреуімен сіздерді таныстырайын:

«...Жаным Бақыт, мен сені кеше кешке көп күттім. Келмедің. Мүмкін, тәрбиеші аңдып жібермеген шығар. Мынау қара жердің бетінде қыбырлап жүрген пендеде махаббат деген бар болса, махаббаттың иесі екеу болса: бірі — мен, бірі — сен деп ойлаймын. Мен сені шын сүйеді екенмін. Оны іспен дәлелдеймін. Алдағы өмір көрсетер. Он бірінші класты қалай бітіремін, солай саған үйленемін. Сен менің ғұмыр бойы қол ұстасып өтетін жан-жарым боласың. Егер үйленбесем — ант атсын. Осы сертіме куәлік ретінде қол қоямын... 1963 жыл, июнь».

Мен тұңғыш рет екі бетім өрттей қызарып ұялдым. Бақыт сабырлы қалпын өзгерткен жоқ. Ақ құба жүзі ойлы, әрі мұңды.

— Сен мені сүймейтін ең,— деді көзін бір нүктеге қадаған күйі.— Өйткені сен «сүйемін» деген сөзді көп айғайлап жібергенсің. Шын сүйсең, не кедергі болды, үйленер едің ғой. Алғашында екеуміз де балалыққа басып байқамаппыз. Сен соңғы рет мен оқуға түсе алмай кеп, ауданда жұмыс істеп жүргенде, бекер тиістің. Оған дейінгінің бүкілі ойыншық екен. Аудандық оқу бөлімі ит арқасы қиян — Шұбарағашқа жолдама берді. Өзің білесің ғой, Алтайдың арғы бетіндегі жиырма шақты үйі бар қыстаққа қыс мезгілінде тірі жан аяғын аттап басқан емес. Со жылы қар қалың жауып, қыс қатты болған. Мен тауға шығып кеткен соң, үйге бір жыл өткенде әрең келгенмін. Үйге келмеуімнің себебі — жолдың қиындығы, жердің шалғайлығы дейсің бе, жо-жоқ. Ниет қылған адам ұшса да жетер...— Сенімен қосылған күннен кейін, өз басымда өзгеше өзгеріс барын сезіп, жанымды қоярға жер таппадым ғой. Есі бар адам қия баспайтын Шұбарағашқа мұғалімдікке кетуімнің себебі де осы. Ал ондағы өткен өмірім жайлы екі түн айтып тауыса алмаспын. Менің есімде қалып, тәубаға келтіре беретін — аяғым ауырлап, мектепке баруым қиындағанда, тұрғылықты адамдардың жасаған адамшылығы. Ауыл

адамдарын Жеңісхан деген күйеуім бар, қазір әскерде деп алдаушы едім. Ал жұрт аңқау болады ғой, шын көңілдерімен иланып, жандары ашитын. Олар менің қызталақ екенімді кете-кеткенше білген жоқ. Өмірдің ию-қиюынан қаға беріс, үркердей үйірілген Шұбарағашта сенің балаң дүниеге келді және сол кезде дүниеден қайтты (Мен тықырши бастағанда, Бақыт бәрінен де кеш қалғансың деген ишарамен қаяулы көзін төңкере бір қарады да, әңгімесін жалғай берген.) Дүниеге келуі қаншалық қиын болса, дүниеден қайтуы соншалық тез. Босанбай тұрғанда сан рет өлгім келді. Өлгім келмегені сені сүйгендіктен емес, іштегі күнәсыз нәрестені қимағандықтан. Егер сол бала бүгінде жер басып жүрсе, өзіңе деген махаббатты тірі бейнеде көрер едің, ал адамдар абстрактылы сезімге әсте сенбесе керек. Менің жұмбақты махаббатымнан әке-шешем хабарсыз. Мүмкін, құтты қонысқа қондырудан әлі де дәмелі шығар. Мүмкін, сен де тұрмысқа неге шықпағанымды сұрағалы отырған боларсың. Ертеңгі күн қол ұстасып ғұмыр кешер жарымды алдағым келмеді. Сендерше айтсам, төрт құбылам тең, дене мүшем бүтін емес, бойымдағы барымды, бойымдағы арымды сен тоңап алғансың. Рас, бір жігіт қатты ұнатқанды. Бар сырымды ақтарып, өзімнің тең еместігімді айтқанда — маған десен, бес балаң болса да үйленер едім деп ант-су ішкен. Күні-ертең үй болған соң, ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды, шекісіп қалғандай болсақ, «сен сондайсың» деп бетіме салық қылып көзге шұқып отырса — дүниенің қорлығы. Осыдан тайсақтадым. «Мүлдем шықпайсың ба?» деп неге сұрамайсың. Шығамын тұрмысқа — әйелі өлген адамға шығамын. Соның өзі жақсы. Екі жарты бір бүтін деген... Балаңның қалай өлгенін неге сұрамайсың? Есен-сау босандым. Екі ай жарық көрді. Күлді. Жылады. Шешесі барын таныды. Бірақ әке мейірімін сезген жоқ. Сезбей өліп кеткені қандай бақыт болған. Ол жеті айлық болып туды ғой. Шіркін-ау десеңші, қол басындай ғана еді, әйтсе де ширақ-тын. Егер Шұбарағашқа жолын түсіп бара қалсаң, Өскелең деген төбеде сол ауылдың қалың бейіті бар. Сол бейіттердің ең кішкентайы — сенің ұлыңдікі. Құран оқыт... Жүрегінді бұзып бармасаң — барма. Қатын — жолда, бала — белде емес пе... Бармай-ақ қой... барма... ал, көп отырдық қой, жатайық. Болатжан Гүлжанның қасына жата берсін, саған диванға салып берейін, құлап кетпейсің бе?..

Неге үндемейсің? Қалғып отырсың ба? Жеңісхан-ау, не болды саған? Жеңіс!..

Тысқа шықтық. Ай көтеріліп қалған екен. Ауылдың үстін қара көк мұнар пернелейді. Ұйқыда. Әр тұстан жетім жарықтар байқалады. Бақыттың үйі терең сайдың жағасында. Біз аяңдап сол дөңнің жиегіне шықтық. Төменде буы бұрқырап Бұқтырма ағып жатыр. Сарылдаған сарыны келеді құлаққа. Сол өзенді қуалай көмкеріп өскен ағаштар қарауытады. Сол өзенді қуалай ирелендеп кеткен жалғыз аяқ сүрлеудің сілемі болжанады. Сол өзеннен сызды жел еседі. Желке тұста үңірейіп тау тұр. Таудың құзар басында аппақ қар бар. Аппақ қар ай нұрымен аймаласып жатыр. Мен бұл дүниеге қайтадан келгендей болдым. Туған жердің сиқырлы сырын, бүкпеленіп бара жатқан құпия асылын енді ғана аңдап, шыншыл көңіл, сабыр тапқан жүрекке енді-енді ғана шым-шымдап сәуле кіріп, көп нәрсені жете ұққандаймын. Мен жар жағасында салқын самалды жұтып тұрып Бақытты тіпті де құлай сүймегенімді, егер анық жақсы көрсем, әлдеқашан үйленерімді, ал үйлену үшін арамызда еш тосқауыл болмағанын зерделедім. Мен өзімді аядым. Ммін, мынау жанымда жұп-жұқа көйлекпен тоңазып тұрған қыз шын бақытым ба, бірақ бәрі кеш... Ендігінің реті тұманды. Мен оның үстіне педжагімді жауып, кеудесіне басымды қоя алмаймын, жүрегінің дүрсілін тыңдап, қолаң шашынан иіскей алмаймын. Өйтуге қақым жоқ. Біз мүлде бөтен адамдармыз. Өкінетінім — Бақыттың өзіме арнаған асыл пейілін аяқ асты етіппін. «Тоңдың ғой, үйге қайтайық»,— деді, әлі де қимайтын тәрізді, тегінде. Шыдай алмадым. Мұздаған қолынан ұстап өзіме тарттым. Қапсыра құшып тұрып ерніне ернімді тигіздім, сұп-суық екен...

«Керек оқ,— деді кейін шегініп,— керек жоқ».

Кер биені отқа жібердік.

Көзім ілінер емес, Кірпігім айқасар емес. Ине тіреп қойғандай. Суық өткен екен, кеудем сырылдап ұзақ жөтелдім. Мен жөтелген сайын, Бақыт бір аунап түседі. Ұйқтаған жоқ-ау.

Төсекті қатты сықырлатып жерге түсті. Ол менің жаныма келіп шоқайып отырды. Маңдайымды ұстады. «Ыстығың көтеріліп жатыр ғой». Ол менің маңдайымдағы қолын шашыма апарып сипады. «Шашың сиреп қалған екен». Ол менің шашымды баяғыша жасқана салалаған жоқ, мүсіркеп аяушылық білдіргенін сезіндім ғой. Бетіме қос тамшы ып-ыстық жас тамып кеткенін және сездім...

(Әйелім кәперсіз ұйқтап жатыр. Балауыз орталап қалған. Жауырыным құрыстанып, тоңазыған соң, әрі-бері жүріп бой сергіттім.)

Таң қылаң бере, тұрып Бақытты ояттым. «Сен Болатжанды машина тауып салып жібер, мен Шұбарағашқа соғып қайтайын»,— оқыс байламым оны пәлендей таңдандырған жоқ. Ерте ме, кеш пе, осылай болуы керектігін сабақтаған секілді. Ол мені кәпірге дейін шығарып салды. Қыр асып кеткенше, ағараңдап жападан-жалғыз су жиегінде тұрғанын көріп барамын... Бұдан алты жыл бұрын осылайша мен қалып, ол кетіп еді жалғыз... Бағытым — Шұбарағаш. Астымда құлынды бие, үстінде құйрық-жалсыз мен келемін. Баласы болса — мал да озық екен... Жол бізді жетелеп барады...

Шұбарағашта Өскелең деген жота бар, сол жотаның үстінде ең кішкентай қабір — менің ұлымның мүрдесі. Бір уыс топырақ қана алып қайттым. Орамалға түюлі, сандықтың түбінде сақталған. Егер күндердің күні көзім жұмыла қалса, сол түйіншекті шешіп, ішіндегі топырақты қабірімнің ішіне шашып жіберіңдер. Ұлымнан бір уыс топырақ бұйырсын.

(Әйелім күрсініп ұйқысырады. Балауыз жанып бітуге тақаған. Таңнан хабар сезіледі. Мен осымен жазуымды аяқтаймын. Ал махаббат атты мәңгі бақи таусылмас жырдың қалғанын кеше туған, жас сәби, сендер жалғарсыңдар. Хайыр!)

Ұйқым келер емес.